



Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі және Премьер-Министрдің орынбасарлары арасында міндеттерді бөлу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 20 наурыз N 244. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1998.11.09. N 1140 қаулысымен. ~P981140

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі және

Премьер-Министрдің орынбасарлары арасында міндеттерді бөлу бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрдің орынбасарлары және Премьер-Министр Кеңесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 7 қаңтардағы N 1 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 20 наурыздағы
N 244 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі және
Премьер-Министрдің орынбасарлары арасында
міндеттерді бөлу

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Н.Ө.Балғымбаев

Үкіметтің қызметіне тікелей басшылық жасау. Президентпен, Парламентпен, Конституциялық Кеңеспен, Жоғарғы Сотпен, Бас Прокуратурамен және басқа да мемлекеттік органдармен қарым-қатынаста

Үкіметті білдіреді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыруға жалпы басшылық.

Құқық қорғау органдарының құқықтық және әскери реформалары мен іс-қимылдарын жүзеге асыруды үйлестіру.

Кадр мәселелері.

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары - Қазақстан
Республикасының Инвестициялар жөніндегі
мемлекеттік комитетінің төрағасы

О.Ә.Жандосов

Инвестициялық және кәсіпкерлік (іскерлік) ахуалды жақсарту мәселелері.

Зейнеткерлік реформасы мен міндетті медициналық сақтандыру реформасын жүзеге асыруды үйлестіру.

Бәсекелес рыноктарды дамыту және табиғи монополияларды реттеу мәселелері.

Макроэкономика мен қаржы саласының мәселелері.

Дүниежүзілік сауда ұйымын қоса алғанда халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдармен өзара іс-қимылды үйлестіру.

Мемлекеттік қызметті реформалауды және мемлекеттік органдарды информатикаландырудың жүзеге асырылуын үйлестіру.

ЕСКЕРТУ. Осы бөлім өзгертілді және толықтырылды - ҚРҰ-нің
1998.07.30. N 723 қаулысымен.

P980723_

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
Ж.С.Кәрібжанов

ТМД елдерімен және оның интеграциялық бірлестіктерімен
қатынастарды үйлестіру.

Экономиканың аграрлық секторындағы реформаларды үйлестіру.

Көші-қон және демографиялық саясат мәселелері.

Тұрғын үй-коммуналдық реформаны жүзеге асыруды аяқтау.

ЕСКЕРТУ. Осы бөлім толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.07.30. N 723
қаулысымен.

P980723_

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
А.С.Павлов

Ірі өнеркәсіп кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру мәселелері.
Мемлекеттік меншікті тиімді пайдалану және жекешелендіру
мәселелерін үйлестіру.

Атаулы әлеуметтік көмек жүйелерін құру мен оның іске асырылуын
бақылау, еңбек қатынастарын реформалау мәселелері.

Аймақтық даму мәселелері.

Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік органдарды информатизациялау реформаларын жүзеге асыруды үйлестіру.

Мемлекеттік статистика және бухгалтерлік есепті жетілдіру.

ЕСКЕРТУ. Осы бөлім өзгертілді және толықтырылды - ҚРҰ-нің
1998.07.30. N 723 қаулысымен.

P980723_